

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 және 2002 жылғы 24 қаңтардағы N 100 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 наурыздағы N 269 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Лицензиялау жүйесін жетілдіру және лицензиялауға жататын қызмет түрлерін оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

тақырыбы мен кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы "

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңын іске асыру және лицензиялау жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:";

2 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта мемлекеттік тілдегі мәтінінде "біліктілік" деген сөз өзгеріссіз қ а л д ы р ы л с ы н ;

бесінші абзацта "мен Алматы қаласы" деген сөздер ", Астана және Алматы қалаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "мен Алматы қаласы" деген сөздер ", Астана және Алматы қалаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы қаулыға 1-қосымшада аталған мемлекеттік органдар белгілі бір тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өндірушілердің монополиялық

жағдайына жол бермей бәсекелестіктің дамуына ықпал етсін, лицензиялар беру рәсімдерінің ашықтығын және тұтынушылардың құқығын қорғауды қамтамасыз етсін." ;

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:
реттік нөмірі 1-жолдың 3-бағанында:
төртінші абзацта ", суық қаруды" деген сөздер алынып тасталсын;
бесінші абзац "уларды" деген сөздің алдынан мынадай сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша";
реттік нөмірі 2-жолдың 2-бағанында "Энергетика және минералдық ресурстар
" деген сөздер "Көлік және коммуникациялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 4-жолдың 3-бағанында:
бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет түрлері, соның ішінде:
атом энергиясын пайдалану объектілерін орналастыру, жобалау, салу,
пайдалануға енгізу, пайдалану, қайта жаңарту, консервациялау және
п а й д а л а н у д а н ш ы ғ а р у " ;

реттік нөмірі 5-жолдың 3-бағанында:
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"өнеркәсіптік жарылу, өртену қаупі бар және тау-кен өндірістерін, электр
станцияларын, желілері мен кіші станцияларын, гидротехникалық құрылыстарды
, магистральды газ, мұнай өнімдері құбырларын, көтергіш құрылыстарды (өзі
жүретін жүк көтергіш крандарды қоспағанда), сондай-ақ қысыммен жұмыс
істейтін қазандықтарды (жиынтық жылу қуаты 100 Гкал/сағаттан астам),
ыдыстар (өнеркәсіптік тоңазытқыш қондырғыларының, тұрмыстық газ
баллондарының құрамындағы ыдыстарды қоспағанда) және құбырларды
пайдалану әрі мұнай мен газға бұрғылау жұмыстары";

реттік нөмірі 6-жолдың 3-бағанында:
үшінші абзацтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;
жетінші абзацта "жоғары және орталық мемлекеттік органдарды көшіруге
қатысты Ақмола қаласының аумағындағы объектілерді қоспағанда" деген сөздер
а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

реттік нөмірі 10-жолдың 3-бағанында:
бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"азаматтық пен қызметтік атыс қаруды және оның оқ-дәрілерін, суық қаруды,
азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды,
сондай-ақ химиялық өзін өзі қорғау құралдарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату,
сатып алу, коллекциялау, экспонатқа қою;" ;
реттік нөмірі 11-жолдың 3-бағанының бірінші абзацында "Алматы қаласының

аумағында жүзеге асырылатын қызметтен басқа," және ", сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түрлері" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 12-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 14-жолдың 3-бағанында:
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау;"

реттік нөмірі 15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі кеден заңнамасына сәйкес
жекелеген кедендік режимдер
шеңберінде жүзеге
асырылатын қызмет, сондай-
ақ кедендік қызмет
көрсету;"

реттік нөмірі 16-жолдың 3-бағанында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жалпы орта және кәсіптілік орта (республикалық маңызы бар ұйымдар атқаратын жұмыстар, қызмет көрсетулер бөлігінде), кәсіптік жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік, соның ішінде мамандықтар бойынша білім беретін заңды тұлғалардың білім беру қызметі";

реттік нөмірі 18-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 24-жолдың 3-бағанында "Шетелден жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 25-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 27-жолдың 3-бағанында:

бірінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдары мен препараттарын пайдалануға байланысты жұмыстар мен қызмет көрсетулердің түрлері;

жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білім; кәсіптік бастауыш білім, оның ішінде кәсіптер бойынша; кәсіптік орта білім беретін заңды тұлғалардың білім беру қызметі, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың қызметі (республикалық деңгейдегі ұйымдар орындайтын жұмыстар мен қызмет көрсетулерді қоспағанда);

заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және сатуы;

шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты қызмет;
облыстың, Астана және Алматы қалаларының аумағында лотереялар (мемлекеттіктен (ұлттықтан) басқа) ұйымдастыру және өткізу;
қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды (жиынтық жылу қуаты 100 Гкал/ сағатқа дейін және оны қоса есептегенде) және құбырларды пайдалану;
қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалану (өнеркәсіптік тоңазытқыш қондырғыларының, тұрмыстық газ баллондарының құрамындағы);";
реттік нөмірі 30-жол алынып тасталсын;
реттік нөмірі 31-жолдың 3-бағанында:

бірінші абзацта "ұйымының аудитінен" деген сөздерден кейін ", экологиялық аудиторлық қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын;
екінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 31-1-жолмен толықтырылсын:
"31-1. Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының бүкіл
Қаржы министрлігінің аумағына таралатын лотереялар
Салық комитеті (мемлекеттіктен (ұлттықтан)
басқа) ұйымдастыру және өткізу;
этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру, этил спиртін сақтау және сату, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау, көтерме және бөлшек саудада сату, этил спирті мен алкоголь өнімінің
и м п о р т ы ;
темекі өнімдерін өндіру;"

реттік нөмірі 32-жолдың 3-бағанында бірінші абзацта "күзет құралдарын, өрт дабылдарын және өртке қарсы автоматикаларды жобалау," деген сөздер "өрт дабылдары және өртке қарсы автоматика құралдарын" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"көтергіш құрылыстарды (өзі жүретін жүк көтергіш крандар) пайдалану;"
реттік нөмірі 35-жолдың 3-бағанында:
бірінші, екінші, төртінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтар алынып т а с т а л с ы н ;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"Алматы қаласынан Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс жұмыс кү ш і н ш ы ғ а р у " ;
реттік нөмірі 36-жолдың 3-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызмет көрсетулер жөніндегі қызмет";
реттік нөмірі 37-жолдың 3-бағанында ", әуе кемелеріне, жолаушыларға және әуежайлардағы жүктерге қызмет көрсетуге байланысты әуежайлық қызмет" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі қызмет көрсетулер;

әуежайлық қызмет, оның ішінде:

азаматтық әуе кемелерін, жолаушыларды қабылдау, шығару және оларға қызмет көрсету, теңдеме жүктерді, жүктерді, почталарды өңдеу, оларды тексеру және бақылау;

әуеайлақ, әуежай, аэронавигация объектілерін ұстау, жөндеу және пайдалану;

әуежайдың авиациялық қауіпсіздігі қызметі, бақылау аймағында бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету және өртке қарсы қамтамасыз ету;

азаматтық әуе кемелерінің ұшуын жарық-техникалық қамтамасыз ету және әуежай, әуеайлақ, аэронавигация объектілерін энергиямен жабдықтау;

азаматтық әуе кемелерін, әуежай қызметтерінің объектілерін жанар-жағармай материалдарымен және арнайы сұйықтармен қамтамасыз ету, олардың сапасын бақылау;

азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға және басқа да тұтынушыларға арнайы автокөлік құралдарын ұсыну;

әуежайларда және азаматтық әуе кемелерінде жолаушыларды, экипажды тамақпен қамтамасыз ету;

жолаушыларға экипажға, халыққа азаматтық авиация саласындағы қажетті деректермен ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету";

реттік нөмірі 38-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесіндегі
Ішкі істер министрлігінің қызметті қоспағанда, есірткі
Есірткі бизнесіне қарсы күрес құралдарының, психотроптық
және есірткі заттардың, прекурсорлардың
айналымын бақылау жөніндегі айналымына байланысты қызмет:
комитеті дайындау, өндіру, қайта

өңдеу, тасымалдау, салып жіберу, сатып алу, сақтау, тарату, сату, пайдалану, жою; құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттар бар

өсімдіктерді және шөптерді
өсіру, жинау, дайындау;"

реттік нөмірі 39-жолдың 3-бағаны мынадай мазмұндағы абзацтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"электронды цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электронды цифрлық
қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ тіркеу
куәлігінің шынайылығын растау жөніндегі қызмет;

ақпарат қорғаудың техникалық құралдарын, ақпарат өңдеудің қорғалған
техникалық құралдарын әзірлеуді, дайындауды, монтаждауды, реттеуді,
пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және оларға сервистік қызмет көрсетуді қоса
алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын техникалық
қорғау жөніндегі қызметтің барлық түрі;"

реттік нөмірі 42-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі";

реттік нөмірі 43-жолда (Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны
қ о р ғ а у м и н и с т р л і г і) :

1-бағанда "43" деген сандар "44" деген сандармен ауыстырылсын;

3-баған мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"табиғи ресурстарды олар туралы заңнамаға сәйкес пайдалану;
қоршаған ортаға ластайтын заттарды шығаруды (тастауды) жүзеге асыру;
қоршаған ортаға және халық денсаулығына ерекше қауіп төндіретін өндіріс
және тұтыну қалдықтарын көму әрі сақтау;
экологиялық аудиторлық қызмет;

шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 45 және 46-жолдармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

- | | |
|--|---|
| "45. Қазақстан Республикасының
Ақпарат министрлігі | Теледидар және дыбыстық (радио
хабарларын тарату)
бағдарламаларды трансляциялау
жөніндегі қызмет көрсетулер; |
| 46. Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің
Су ресурстары жөніндегі комитеті | Арнайы су пайдалану, соның
ішінде: ауыл шаруашылығы,
өнеркәсіп, энергетика, балық
шаруашылығы және көлік
мұқтаждықтары үшін жерүсті су
объектілерінен тәулігіне елу
текше метрден астам көлемде су
алу және пайдалану;
қайталама су пайдаланушыға |

жерүсті су объектілерінен су
алу және беру;" ;

көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

"I. Санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімі" деген бөлімде:

15, 20, 21 және 22-тармақтар алынып тасталсын;

19-тармақ "аппаратураларын" деген сөзден кейін "және бақылау, аварияға қарсы қорғау мен дабыл беру жүйелерін, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, ыдыстар мен құбырларды" деген сөздермен толықтырылсын;

25-тармақ "Уды" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 28, 29, 30, 31, 32-тармақтармен толықтырылсын:

"28. Темекі өнімдерін өндіру.

29. Қайталана су пайдаланушыға жерүсті су объектілерінен су алу және беру бөлігіндегі арнайы су пайдалану.

30. Азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылатын бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, экспонатқа қою.

31. Азаматтық авиация саласында қауіпті жүктерді тасымалдау.

32. Авиациялық-химиялық жұмыстарды жүзеге асыру." ;

"II. Экологиялық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензиялайтын жұмыстар мен қызмет түрлерінің тізімі" деген бөлімде:

7-тармақ "өнімдері құбырларын" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, ыдыстарды және құбырларды" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Әуеайлақ, әуежай және аэронавигация объектілерін ұстау, жөндеу және пайдалану." ;

9, 11 және 14-тармақтар алынып тасталсын;

10-тармақта "өндіру бойынша жұмыстар" деген сөздер "өндіру" деген сөзбен ауыстырылсын;

21-тармақта "Уды" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 23, 24, 25, 26-тармақтармен толықтырылсын:

"23. Темекі өнімдерін өндіру.

24. Арнайы су пайдалану, соның ішінде:

ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, энергетика, балық шаруашылығы және көлік мұқтаждары үшін жерүсті су объектілерінен тәулігіне елу текше метрден астам көлемде су алу және пайдалану;

қайталама су пайдаланушыға жерүсті су объектілерінен су алу және беру.

25. Минералды шикізатты қайта өңдеу.

26. Азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылатын бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, экспонатқа қою.";

"III. Тау-кен техникалық қадағалау қорытындысы қажет, лицензиялайтын жұмыстар мен қызмет түрлерінің тізімі" деген бөлімде:

2-тармақта "тау-кен өндірістерін," деген сөздерден кейін "гидротехникалық құрылыстарды," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта "дайындау" деген сөз "жобалау, дайындау" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7-тармақта "Бағалы металдар мен бағалы тастарды, сондай-ақ" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

8 - тармақ алынып тасталсын;

9-тармақ "Уды" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 12-тармақпен толықтырылсын:

"12. Азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылатын бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, экспонатқа қою.";

"IV. Мемэнергияқадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер көрсету түрлерінің тізбесі" деген бөлім мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алу.";

2) к ү ш і ж о й ы л д ы

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.19. N 610 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мемлекеттік органдар екі ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған кесімдерін осы қаулымен енгізілетін өзгерістерге сәйкес келтіруді көздейтін нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі